

Елбасы Жолдауы: ел бірлігі, халық қамы



Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, 9 мамыр күні облыс әкімдігінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты халыққа дәстүрлі Жолдауында айтылған мәселелерді облыстың әрбір тұрғынына жеткізу жайы әңгіме болған үлкен актив жиналысы болып өтті. Жиынды облыс әкімі К.Мұхамеджанов ашып, жүргізіп отырды. Мәжілістің жұмысына облыстық Мәслихаттың хатшысы Қ. Медиев қатысты.

Баршаның санасына жеткізу – міндет

Актив жиналысында облыс әкімінің орынбасары Ералы Тоғжанов баяндама жасады. (Баяндаманың мәтіні газетіміздің келесі санында жарияланады).

Бұдан кейін еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті директорының міндетін атқарушы **Светлана Буркеева** облыс тұрғындарына Президенттік Жолдауға сәйкес қандай әлеуметтік көмек берілетінін жан-жақты баяндап берді.

- Қазақстанның кейінгі жылдардағы экономикалық табыстары әлеуметтік саланы барынша қаржыландыруға мүмкіндік берді, - деді ол сезінің басында. - Президенттің Жолдауында осыған орай әлеуметтік мәселеге ерекше көңіл бөлінген. Осы құжатта көрсетілгендей мол қаржы кейінгі жылдары бұл салаға ешқашан бөлініп көрген емес. Жолдаудағы негізгі мақсат - халықтың әл-ауқатын көтеру, әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау болып отыр. Онда балалар мен аналарға, аға



ғандай сол 30 мыңның бәрі грант болады. Яғни, жастар мемлекеттің есебінен білім алады. Олардың барлығына стипендия төленеді. Осы уақытқа дейін біздің университетте 1,5 мың студент стипендия алып келсе, биылдан бастап грант жүйесіне көшкендіктен 4-4,5 мыңдай студент стипендия алатын болады. Бұл студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсартады. Жалпы білім беру жүйесін қаржыландыру артады. Бұл - мемлекеттің есебінен, компаниялардың және оқытындардың өз қаражаты есебінен құралады. Бұл арада біздер облыс аймағындағы шетелдік компаниялармен тығыз жұмыс жасауымыз керек. Оларға қажетті инженер мамандарын даярлап жатқанымызды пайдалануымыз қажет. Жалпы соңғы жылдары білім беруді қаржыландыру екі есе артты. Жолдауға сәйкес қаржыландыру одан әрі өсетін болады. Оқытушылардың жалақысы 1 шілдеден бастап 32%-ке өскенде университеттің кірісі 1,5 есе артады деп отыр-

ұрпаққа ерекше көңіл бөлінген. Атап айтқанда, 1 шілдеден бастап базалық зейнетақы 3 мыңтеңгеге өскенде, облысымыздың 178314 зейнеткерінің материалдық жағдайы жақсарады. Соның нәтижесінде ең төменгі зейнетақы 1,5 есе өсіп, орташа мөлшері 12 мыңтеңгеден асады. Облыс бойынша базалық зейнетақыны өсіру үшін жыл соңына дейін 2,5 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінеді. 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап 38 мыңадам мүгедектігі үшін 1 мың теңгеден қосымша ақша алады. Жасына байланысты мемлекеттік жәрдемақы алатын 500 қарияға сонша сомада ақша қосылады. Осы мақсатқа 450 млн. теңге қаржы жұмсалады. Асыраушысынан айырылған отбасылардың балалар санына байланысты 300 теңгеден 1 мың теңгеге дейін қосымша ақша қосылады. Олардың саны бүгінде 24 мың адам. Облысымыздың 15 мыңдай «Күміс алқа», «Алтын алқамен» марапатталған және «Ана даңқы» орденінің 1, 2 дәрежесімен наградталған аналарға және 4, одан көп бала туып, тәрбиелеген, бірге тұрып жатқан аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы көлемі 4 мың теңгеге дейін өсіріледі. Осы уақытқа дейін оларға жобамен 1800 теңге жәрдемақы беріліп келген болады. Осындай әлеуметтік көмектердің арқасында 400 мыңнан астам облыс тұрғындары тұрмыс жағдайын жақсартып болады.

«2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды тереңдету» бағдарламасына сәйкес мемлекеттік базалық зейнетақы, мемлекеттік базалық жәрдемақы, асыраушысынан айырылуына байланысты базалық мемлекеттік жәрдемақы, жерлеуге арналған мемлекеттік жәрдемақы мөлшері ең төменгі күн көріс табысына қатысты анықталатын болады. Аз қамтылған топтағы адамдарға мақсатты әлеуметтік көмек көрсетіледі. Сонымен қоса жергілікті бюджет есебінен олардың кәсіби шеберлігін көтеруге, ақылы қоғамдық жұмыспен қамтуға қаржы бөлінеді. Мұның бәрі әлеуметтік қамтамасыз етудің бірінші деңгейі болып табылады.

Әлеуметтік қамтудың екінші деңгейі - еңбек қабілетін жоғалтқанда, асыраушысынан айырылған жағдайда, жұмыссыз қалған кезде міндетті мемлекеттік сақтандыру есебінен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Бұл қаржы жұмыс берушінің немесе жұмыс істеушінің өзінің міндетті сақтандыру жарнасынан құралады. Ол қаржының мөлшері жиналған ақшаның сомасына байланысты. Көбірек жинасаң алатын жарна да көп болады. Яғни әр адам-

ның жұмысқа деген ынтасын арттырып, жасырын еңбек етуді жою мақсаты қойылып отыр.

Үшінші деңгейі - міндетті және ерікті зейнетақы жарнасынан құрапады. Бұл жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталады.

С. Бүркеева сөзінің соңында Жолдауды насихаттауға байланысты өз департаментінде жұмыс тобының құрылғанын, оның жоспарға сәйкес еңбек ұжымдарын аралап, жұртшылықтың қандай жеңілдіктер алатынын түсіндіретін болады. Сонымен қоса жұмыс тобы апта сайын мониторингі жүргізіп, тұрғындармен кездесуде айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстарды қорытындылап отырады.

- Қарағанды облысының студент жастары Елбасының Жолдауын аса жоғары көңіл күймен қарсы алып, мақұлдауда, - деді жарыс-сөзге шыққан Қарағанды техникалық университетінің ректоры, облыс әкімінің экономика жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі **Г.Пивень**. - Бұдан бұрынғы жылдары білім беру саласын қаржыландырудың «қалдық» принципімен жүзеге асырылғанын білесіздер. Соның нәтижесінде жоғары оқу орындарының материалдық базасы нашарлап, студенттер мен оқытушылардың тұрмыс жағдайы төмендеді.



Орталық Қазақстан. - 2005. 12 наурыз

Жоғары білім алған мамандарды жұмысқа орналастырудың жүйесі жойылып, көптеген дипломды жастар ешкімге керек болмай қалды. Сөйтіп олар жұмыссыздар қатарына қосылды. Инженер мамандығы керексіз болып қалды. Ғалым оқытушылардың мәртебесі төмендеді. Жастар ғылымға ұмтылмайтын болды.

Қазіргі жағдай мүлде өзгерді. Өткен жылы білім беру қызметкерлерініңII съезі қарсаңында Елбасы «Қазақстан Республикасында 2010 жылға дейінгі білім беруді дамытудың» мемлекеттік бағдарламасына қол қойды. Бұл білім беру саласын жақсартуда маңызды құжат болды. Өсіресе, техникалық кадрларды оқытып, тәрбиелеуге айырықша көңіл бөлінді. Біздің алдымызға білім беруді халықаралық стандартқа сәйкестендіру міндеті қойылды.

Президенттің биылғы Жолдауына сәйкес біздер мемлекеттік тапсырысты жалпы ұлғайтқалы отырмыз. Инженерлік мамандықтар бойынша биылдың өзінде 400 адамды қосымша дайындаймыз. Ендігі жерде техникалық мамандар даярлау тек қана білім грантымен іске асырылады. Несие деген болмайды. 2005 жылы 20 мың грант пен 10 мың несие беру жоспарланған болатын. Енді Жолдауда айтыл-

университеттің кірісі 1,5 есе артады деп отырмыз. Бұл оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Президенттің «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алатын жастар санын көбейтуге шешім алғаны осы Жолдауда айтылды. Олардың саны 3 мыңға дейін жеткізілуі үлкен қамқорлық болмақ. Елбасының тарағынан студенттік құрылыс отрядтарын құрып, оларды еліміздің экономикасын кетеруге пайдалану мәселесін көтеріп отыр. Бұл бір жағынан жастарды еңбекке баулу болса, екінші жағынан олардың материалдық жағдайын жақсартуға жол ашады. Олар құрылыс салу, көгалдандыру жұмыстарына қатысады. 1 шілдеден бастап стипендияның мөлшері екі еседен астам өсіріледі. Атап айтқанда колледждердің оқушылары үшін 5140 теңге, жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары үшін 6400теңге болады. Президенттік стипендия 9200теңге, аспиранттық стипендия 15685 теңге, доктаранттық стипендия 22145 теңге болады. Жолдауда жас оқытушыларды тұрақтандыру мәселесіне баса назар аударылған. Ол үшін оқу орындарында арнаулы гранттар бөлінеді. Сөйтіп, жылдың үздік оқытушысы, доцентті, профессоры, ректоры деген гранттар белгіленеді. Жолдауда оқытушылардың мамандығын жетілдіруге қаржы бөлу қарастырылған. Біздің оқытушыларымыз алдағы уақытта 30600 теңге, профессорларымыз 43800 теңге жалақы алатын болады. Бұл айтарлықтай фактор. Себебі, көптеген оқытушылар материалдық жағдайының қиындығынан екі-үш жерде сабақ беріп келді. Олар уақыты жетпегендіктен студенттердің тәрбие жұмысына көңіл бөле алмады. Жалпы ғылыммен айналысуға да уақыты жетпеді.

Актив жиналысын облыс әкімі К.Мұхамеджанов қорытындылады. Ол сөзінің соңында жиналған жұртшылықтың назарын Жолдауды әрбір адамға жеткізу, оларға нақты цифрлар келтіріп, дәлелдеп берудің қажеттігіне тоқталды.

- Мен, Президенттің жергілікті жердегі өкілі ретінде облыстағы барлық мекемелердің басшыларынан, олар облысқа бағына ма немесе республикаға бағына ма, оған қарамастан Жолдауға қатысты қатты сұрайтын боламын. Сонымен қоса жеке меншік кәсіпорындар басшылары да бұдан тысқары қалуына болмайды. Қазақстанда тұрып, оның заңымен өмір сүріп жатқаннан кейін сол елдің мүддесімен бірдей өмір сүруге міндеттісіздер, - деді.

Серік СЕКСЕНҰЛЫ.

Суреттерді түсірген **Ж.ИМАНӨЛІҰЛЫ.**